Мемлекеттік сатып алуға қатысушының арызын қарау бойынша
№4 хаттама

Алматы қ. "27" маусым 2025 жыл

1. Тапсырыс берушінің атауы:
"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" КЕАҚ

2. Негізі:
№14918004-1 "Абай атындағы ҚазҰПУ" КЕАҚ №5 оқу корпусын ағымдағы жөндеу" ашық конкурс тәсілімен сатып алу шеңберінде мемлекеттік сатып алуға қатысушының 2025 жылғы 25 маусымда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен №261768 арызы.

3. Арыз туралы мәліметтер:
Қатысушы берген арыз:
Атауы: "DIM&AIS" ЖШС
БСН: 050440011137

Арыз берілген күн: 25.06.2025 ж.
Арыз бойынша талаптар:
Арызданушы жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдікті ескеруді сұрайды.

4. Қарастыру:
Арызды тапсырыс берушінің комиссиясы келесі құжаттар бойынша қарады:
- конкурс қорытындысы туралы хаттама;
- конкурстық құжаттама.

5. Арыздың мәні:

Арызданушы өз арызында Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының (бұдан әрі - қағидалар) **құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды** мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібін реттейтін 8-тарауының 15-параграфына сілтеме жасады.

Сонымен қатар, арызданушы Қағидалардың "Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)" Конкурстық құжаттарға 7-қосымшаның 5-тармағын көрсетеді: Соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыс тәжірибесінің болуы.

5. Қарау нәтижелері:

Қағидалардың 8-тарауының 15-параграфы **құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды** мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібін реттейді.

Қағидалардың 289-тармағына, сондай-ақ Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу **рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып өткізілетін конкурс** тәсілімен жүзеге асырылады.

Қағидалардың 243-тармағына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды **веб-портал автоматты түрде есептейді және Заңның 25-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайды**.

Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Заңының 1-бабының 31-тармағына сәйкес **құрылыс-монтаждау жұмыстары** деп жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді (үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларын дайындау (өндіру), сондай-ақ аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау мен өз ресурстарын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату жұмыстарын жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құру жөніндегі қызмет танылады.

Арызданылған мемлекеттік сатып алудың нысанасы ашық конкурс тәсілімен жүзеге асырылған "Абай атындағы ҚазҰПУ" КЕАҚ №5 оқу корпусын ағымдағы жөндеу" жұмыстары болып табылады.

ҚР ҚН 1.04-26-2022 «Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу» сәйкес **ғимаратты, объектіні ағымдағы жөндеу** — бұл алдын алу іс-шараларын жүргізу және ұсақ зақымданулар мен ақауларды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтардың бөліктерін мерзімінен бұрын тозудан жүйелі және уақтылы қорғауға бағытталған техникалық іс-шаралар кешені. Ағымдағы жөндеу ғимарат конструкцияларының және инженерлік жабдықтар жүйелерінің жарамдылығын (жұмысқа қабілеттілігін) қалпына келтіру, барлық пайдалану көрсеткіштерін қолдау мақсатында жүргізіледі.

Осылайша, "Абай атындағы ҚазҰПУ" КЕАҚ №5 оқу корпусын ағымдағы жөндеу жұмыстары **құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстар** болып табылады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік талап және (немесе) өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібі Қағидалардың 8-тарауының 16-параграфымен реттеледі.

Қағидалардың 244-тармағына сәйкес конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Бұл тізімде қазіргі уақытта тек **автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары** ғана қамтылған. Ал тапсырыс берушінің сатып алу нысанасы "Абай атындағы ҚазҰПУ" КЕАҚ №5 оқу корпусын ағымдағы жөндеу жұмыстары болып табылады.

Осылайша, құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстар бойынша жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктер, егер мемлекеттік сатып алу нысанасы автомобиль жолдарын орташа жөндеу бойынша жұмыстар болған жағдайда ғана беріледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарау және "DIM&AIS" ЖШС-на жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдік беру үшін негіздер жоқ деген қорытындыға келеді.

6. Шешім:

"DIM&AS"ЖШС-ның арызын қанағаттандырудан бас тарту.

7. Қолтаңбалар:

11.06.2025 ж. №05-04/526 бұйрығына сәйкес

Комиссия төрайымы: _____ Аменова К.А.

Комиссия мүшелері:

_____ Куйлюков Т.С.

_____ Беккожанов Т.К.

Комиссия хатшысы : _____ Жаныбекова Р.Д.